ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 16 шілде Іс №1513-25-00-2/1189 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Казтуганова,
сот отырысының хатшысы А.У.Тлегенова отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «JAN AHUAL» психологиялық қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Жұма» Жұма Саягүл Саятқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Муханова
талап қоюшының өкілі А.К.Аймаганбетова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында 2025 жылдың 26 наурызында №15 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған.

Шарт бойынша жауапкер жалпы сомасы 483 480 теңгеге ойыншықтар 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Шарт Қазынашылық органында 2025 жылдың 28 наурызында тіркелген.

Сәйкесінше, жауапкермен міндеттемені орындау мерізімі қоса есептегенде 2025 жылдың 14 сәуіріне дейін болып табылады.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2025 жылдың 14 сәуірінде төленген.

Талап қоюшы сотқа талап қоюымен жүгініп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 14 021 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қуаттап, тұрақсыздық айыбын көлемін ұлғайтып 43 997 теңге қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Прокурор талап қоюды толығымен қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

АПК-нің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 4-тармағына сәйкес, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Азаматтық іс материалдарынан мынадай негізде жасалған шарттың талаптары шарттың талаптарына сәйкес орындалуға жататын міндеттемелерді қабылдады.

Бұл ретте тауардың атауы, оның нақты техникалық сипаттамалары мен құны, жеткізу мерзімі мен тәртібі, оған ақы төлеу тәртібі шартта және оған қосымшаларда көрсетіледі.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 16.07.2025
Заңды күшіне енген күні: 19.08.2025, судья Жусупов А. М., 19.08.2025
1513-25-3-1/1538

Шарттың 1.1. тармағына сәйкес өнім беруші осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал тапсырыс беруші осы шарттың талаптарымен тауарды қабылдауға және шарт бойынша өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың ажырамас бөлігі лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша) және №2 қосымша (техникалық ерекшелік) болып табылады, ол сатып алу жарияланған кезде мемлекеттік сатып алу порталында жариялануы тиіс.

Сотта талап қоюшы тауардың техникалық сипаттамасында сәйкессіздік анықталғаны және 2025 жылдың 8 мамырында акт жасалғаны көрсетті.

Шарттың 5.3. тармағына сәйкес жеткізу өнім беруші тапсырыс берушіге тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Алайда, жауапкермен міндеттемелерді толық орындамағаны анықталды.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 16.07.2025
Заңды күшіне енген күні: 19.08.2025, судья Жусупов А. М., 19.08.2025
1513-25-3-1/1538

орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

Талап қоюшы ұсынған 2025 жылғы 12 сәуірінен бастап–11 шілдесіне 43 997 теңге көлеміндегі (483 480 теңге х 0,1% х 91 күн) тұрақсыздық айыбының мөлшерін сот дұрыс емес деп санайды, себебі міндеттеменің орындалу мерзімінің соңғы күні 2025 жылдың 14 сәуір болып табылады.

Демек, тұрақсыздық айыбы 2025 жылдың 15 сәуірінен бастап есептелуі қажет және ол 42 546 теңгені құрайды (483 480 теңге х 0,1% х 88 күн (15 сәуір-11 шілде).

Бұл ретте, талап қоюшының жауапкерден тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы ішінара қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі (*42546 теңге *3%*).

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «JAN AHUAL» психологиялық қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Жұма» Жұма Саягүл Саятқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Жұма» Жұма Саягүл Саятқызы мемлекет пайдасына 42 546 (қырық екі мың бес жүз қырық алты) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Дара кәсіпкер «Жұма» Жұма Саягүл Саятқызы жергілікті бюджет пайдасына 3 242 (үш мың екі жіз қырық екі) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Талап қоюының қалған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 16.07.2025
Заңды күшіне енген күні: 19.08.2025, судья Жусупов А. М., 19.08.2025
1513-25-3-1/1538

сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.А.Казтуганова

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 16.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.08.2025, судья Жусупов А. М., 19.08.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»